

БЕКІШЕВ  
Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп  
(РО) жаңбырдағы интернат директоры  
Д.Б.Бакаев  
«  
2024 жыл

## Мектепшілік кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары

Кәсіби бағдар беруші педагог:  
Бекишева Р.О

## Түсіндірме хат:

### Макеаты:

- өзін-өзі анықтау және болашак кәсіби қызмет саласын тандау процесінде окушыларға кәсіби бағдар беру.

### Мінделттері:

- еңбекке он козкарас калыптастыру;
- кәсіби қызметтің мазмұнын тусінуге үйрету;
- мамандыкка койылатын талаптарды жеке касиеттермен байланыстыруға үйрету;
- өз мүмкіндіктері мен кабілеттерін талдауға үйрету, (жеке тұлғаның касиеттері мен мүмкіндіктерін білу және бағалау жағеттілігін калыптастыру)
- мектептің жоғары сатысының косымша және кәсіптік білім беру мекемелерімен, сондай-ак жергілікті кәспорындармен өзара іс-кимыл жүйесін әзірлеу.

Мектептегі кәсіби бағдар-бұл студенттердің кәсіптердің әлеуметтік-экономикалық және психофизикалық спілтамалары туралы жағетті білім көлемін игеруге бағытталған оку-тербие жұмысының жүйесі. Қоғамның ал-ауқаты үшін мектептің әр түлегі өзінің Мудделеріне, бейімділіктеріне негұрлым толық колдануды табуы, уакытты, күш-жігерді, құралдарды ысырап етпеуі, қоғамдық өндіріс жүйесіндегі өз орнын іздеуі жағет, бұл оның жұмысынан үлкен пайда әкеліп, терең канагат алуы мүмкін.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын мекеме әкімшілігі, сыйнип жетекшілері, пән мұғалімдері жургізеді. Жұмыс жоспары окушылардың жас ерекшеліктерін, бастауыш, негізгі, орта мектептегі жұмыс мазмұны, формалары мен әлістеріндегі сабактастықты ескере отырып кезен-кезенімен жүзеге асырылады.

### Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары:

- **Кәсіби ақпарат:** Мамандыктар әлемі, өзін-өзі анықтау үшін маньзды адамның жеке және кәсіби маньзды қасиеттері, окуорындарының жүйесі және мамандық алу жолдары, қоғамның кадрларға деген жағеттіліктері туралы мәліметтерді камтиды.
- **Кәсіптік тәрбие:** окушылардың бейімділігі мен кәсіби қызығушылықтарын калыптастыруды камтиды. Кәсіптік тәрбие бойынша педагогикалық жұмыстың мәні окушыларды оку және сыныптан тыс жұмыстардың әртурлі түрлеріне, қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбекке, күштерді белсенді сынауга катысуга ынталандыру болып табылады. Окушының өзін әртурлі іс-әрекеттерде сынап көруі маньзды.
- **Кәсіби көңес:** окушының жеке басын зерттеу, жеке спілтама. Сыйнип жетекшісі окушылардың іс-әрекеті мен дамуын бакылау, олардың оку және сабактан тыс жұмыстарының нәтижелерін зерттеу, сауалнама жүргізу, окушылардың психологиялық-педагогикалық спілтамаларын құрастыру сиякты жұмыс әлістерін колдана алады.

### Жұмыс нысандары:

- кәсіптік бағдар беру сабактары;
- кскурсиялар;

- кәсіптік бағдар бойынша сыннып сағаттары;
- мамандармен кездесулер;
- профессиографиялық зерттеулер;
- кәсіптік бағдар беру тақырыбы бойынша ата-аналар жиналдыс Және т. б.

### **Кәсіптік бағдар беру мәселеүндегі мектеп окушыларымен өзара іс-кимділ иысандары:**

- пәндік олимпиадаларга катысу;
- Турлі бағыттағы конкурстарға, жобаларға, іс-шараларға, жарыстарға катысу;
- жоғары сыннып окушыларына сауалнама жүргізу және тестілеу;
- кәсіптік бағдар беру сауалнамалары;
- кәсіптік бағдар беру ойындары.

### **Окушылардың кәсіптік бағдарлауға бағытталған іс-шаралар:**

- танысу максатында кәсіпорындар мен үйімдарға экскурсиялар;
- оку орьндары үйімдастырылған оку орьндарының көрме-жәрменекелеріне бару (жұмыспен камту орталығымен бірлесіп);
- ашық есік күндері кәсіптік білім беру мекемелеріне бару;
- мектеп сайтында кәсіптік бағдар беру бойынша ақпараттық материалдардың орналасуы.

## Көсіби бағдар берушінің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар мазмұны	сынып	Мерзімі	Жауапты
<b>Ұйымдастыру жұмыстары</b>				
1.	Кәсіптік бағдар беру жүмысының жоспарын бекіту		кыркүйек	Бекишева Р.О
2.	2024-2025 оку жылына 1-11 сынып оқушыларының тізімін күру	1-11сынып	кыркүйек	Бекишева Р.О
3.	Өткен жылғы кәсіби бағдар беру жүмысының нәтижесін талдау, 9-11 сынып түлектерінің орта кәсіби және жоғарғы оку орнына тусуін аныктау	9-11сынып	кыркүйек	Бекишева Р.О
<b>Бастауыш сынып</b>				
1	«Мен ескеде кім боламын?» тақырыбында сурет салу	3-4 сынып	Кыркүйек	Бекишева Р.О
2	«Осындай мамандыктар бар» тақырыбында балалар әдебиетіне шолу жасау	1-4 сынып	караша	Бекишева Р.О
3	«Менің ата-анамын» мамандығы» тақырыбында	2-4 сынып	караша	Бекишева Р.О

	сурет байкауы			
4	«Әрбір шәкірт, бір жұлдыз» такырыбында ән байкауы	1-4	Желтоксан	Бекишева Р.О
5	«Мамандықтың бәрі жаксы» тәрбие сағаты откізу	1-4 сыйып	Желтоксан	Бекишева Р.О
6	«Менің ата-анамның жұмысында бір күнім» Экскурсиялар	3-4 сыйып	Кантар	Сыйып жетекшілер
7	Кәсіби бағдар беру бойынша ойындар («... әріптен басталатын мамандық») Мамандықты тап	1-4 сыйып	Жыл бойы	Бекишева Р.О
<b>Негізгі сыйып</b>				
8	Саяулама алу. Кызыгушылыктар диагностикасы	5-8 сыйып	Қыркүйек Мектеп психологы Жаксыбекова А.К.	Бекишева Р.О
9	«Мамандықтар әлемі сурет» байкауы	5-6 сыйып	Казан	Бекишева Р.О
10	«Медицинаға кадам» медициналық сынның жобасы ағасында аудандық ауруханаға экскурсия	7-8	Караша	Бекишева Р.О Ахметова А.С.

11	Болашак дәрігерлердің алғашқы кадамдары! атты медициналык сабак	7-8	Караша	Бекишиева Р.О
12	«Әрбір шәкірт, бір жүлдyz» тақырыбында ән байқауы	5-8	Желтоксан	Ахметова А.С.
13	«Менің болашак мамандығым» постер байқауы	7-8 сынып	Желтоксан	Бекишиева Р.О
14	«Мамандығым-Мактансышым» тақырыбында түрлі маман иелерімен дөгелек стол өткізу	8-9 сынып	кантар	Бекишиева Р.О
15	«Мын мамандық бар, тандап талғап бірін ал» тақырыбында тәрбие сагатын өткізу	8-9 сынып	кантар	Бекишиева Р.О
16	Менің болашак мамандығым квест-ойын өткізу	8 сынып	Ақпан	Бекишиева Р.О
17	«Менің болашак мамандығым» эссе байқауы	7-8 сынып	Ақпан	Бекишиева Р.О
18	Мен мамандыкты таңдаймын презентациялық байқауы	8-9 сынып	Наурыз	Бекишиева Р.О
<b>Жоғарғы сынып</b>				
1	Саяулана алу. Қәсіптік бағдар беру диагностикасы	9-11 сынып	Қыркүйек	Бекишиева Р.О

2	«Біз таңдайтын жолдар» түсіндірме жұмысын жүргізу	9-11	Қазан	Бекишева Р.О
3	Жоғарғы оқу орнының мамандарымен кездесу	11 сыйып	Караша	Бекишева Р.О
4	«Медицинаға кадам» медициналық сынып жобасы аясында аудандык ауруханаға экскурсия	11 сыйып	Караша	Бекишева Р.О
5	"Манызды мамандыктар" жас мамандармен дөңгелек устел	11 сыйып	Караша	Бекишева Р.О
6	Оқушыларды оқу орындарының «Ашық есік» күндеріне экскурсияға апару	9-11 сыйып	кантар	Бекишева Р.О
7	"Мамандық таңдаудагы Кателіктер" әнгімелесу (Мектеп түлектері)	11 сыйып	Кантар	Бекишева Р.О
8	"Медицина" саласының мамандыктарымен танысу. Медициналық колледжіне экскурсия	9-11 сыйып	Ақпан	Бекишева Р.О
9	Пікірсайыс дебаты «Блогерлік он және теріс жактары»	9-11 сыйып	Ақпан	Бекишева Р.О
10	"Әскери мамандық-лайкты таңдау!" Азаматтық коргау	9-11 сыйып	Наурыз	Бекишева Р.О

	жоғары универ танысу			
11	«Мен таңдаған жол» Психологиялық тренинг	9-11 сыйып	Наурыз	Жаксыбекова А.К
12	«Спорттық қызығушылық» спорт мамандыктарымен танысу.	9-11 сыйып	Сәүір	Болат Баубек
13	«Болашағын сенің колында» тренингі	9-11 сыйып	Сәуір	Бекишева Р.О Психолог Жаксыбекова А. К
14	"Мен мұнда оқығым келеді" талапкерлерге арналған аныктаамалықпен жұмыс	9-11 сыйып	Мамыр	Бекишева Р.О

## **Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕП (РО) ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТТА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУШІНІЦ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША САРАПТАМА**

Жоспар бойынша 2024-2025 оқу жылының қаңтар айында «Мамандығым – Мақтанышым» тақырыбында кәсіби бағдар беруші педагог Б.Амангелді мен мектеп оқушылары дөнгелек үстел ұйымдастырып, жеке кәсіпкер Қанағат Тәуіртайұлымен келелі кездесу өткізді. Аталмыш кездесуде кәсіпкер өзінің кәсібінің бастау жолы, қуанышымен қатар жүретін қындығынада тоқталды. Ал, оқушылар болса өз кезегінде көкейіндегі толғандырган сұрақтарына жауап алғып, келелі кездесуден алған керемет әсерлерімен бөлісті. Максаты: оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың өміріндегі қызығы мен қыншылығы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай біліуіне ықпал ету. Кәсіби ығдар беру.



Кәсіби бағдар бойынша 2024-2025 оқу жылының қаңтар айында Шет АгроТехникалық колледжіне кәсіптік бағдар беру жоспарына сәйкес мектебіміздің 9-сынып оқушылары мамандықтарын дұрыс таңдап, бағыт беру максатында кездесу өткізді. Кездесу барысында колледж жайында бейнеролик көрсетіп, мамандықтар бойынша толық ақпарат берілді. Сонымен қатар, шара соңында колледж ғимаратына, шеберхана және жатақханаға экскурсия жасап, студенттердің жұмыстарымен жатын орындарымен танысып, оқушылар өздерінің қызықты сұрақтарына жауаптарын ала алды.



Ағымдағы жылдың 10 акпан күні «Мамандық таңдау басты бағдарымыз» атты акция аясында айлық жоспарға сәйкес мектебіміздің 10-11 сыныптарда оқитын оқушылар арнайы барды. Келелі кездесуде оқушылармен емін - еркін форматта қызықты сұхбаттар өтіп, мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістер мен жас жеткіншектердің болашақтарына

деген көзкарастары туралы әнгіме өрбіді. Жас буын мемлекеттік қызметке қызыгушылықтарын білдіріп, оған орналасу тәртібі мен мамандық таңдау бойынша ақпараттар алды. Шара сонында оқушылар аудан әкімдігі гимаратына шағын экспурсия жасап, жауапты мамандардың жұмыстармен танысты



Ағымдағы жылдың 6-ақпан күні аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Амангельдинов мектебіміздің 10-11 сыныптарының оқушыларымен кездесіп, сайлаудың пайда болу тарихы мен мән маңызы, сайлау жүйесінің құқықтық демократиялық қоғам қалыптастыруға тигізер әсері туралы жан-жақты қызықты ақпараттар беріп өтті. Сондай – ақ, емін – еркін форматта сұрақ – жауап аясында өткен жүздесуде белсене атсалысқан оқушыларға естелік сыйлықтар табысталды.



Ағымдағы жылдың 21 ақпан күні «Мамандық таңдау басты бағдарымыз» атты акция аясында айлық жоспарға сәйкес мектебіміздің кәсіби бағдар беруші педагог Б.Амангелді мен 9 - сынып оқушылары аудандық өрт сөндіру бөліміне арнайы барды. Аталмыш кездесуде қындығы басым бұл мамандыққа қызыгушылық танытып, оқушылар өрт сөндіру бөлімінің ішкі құрылымымен қатар өрт сөндіру кезіндегі отқа күймейтін арнайы киімдерімен, өрт сөндіру машинасының қалай іске қосылып, жұмыс атқаратынын көріп, қайтты. Жауапты: Кәсіби бағдар беруші педагог Б.Б.Амангелді



“Сынып жетекші - ұрпак тәрбиесінің тірегі “ атты апталық барысында 2 “А” сыныбында Менің ертеңім: “Армандар, мақсаттар, болашаққа жол” тақырыбында ашық сынып сағаты өтті. Мақсаты: балаларға мамандықтарды маңызын түсіндіріп, таныстыру. Сынып жетекшісі: Бекишева Р.О.



Ағымдағы жылдың қантар айында “МАТЕМАТИКА АЙНАЛАМЫЗДА” атты математикалық сауаттылық апталығы аясында 7 “Б” сыныбымен математика саласындағы табысты маман ретінде шаруашылық жүргізу құқығындағы «ШетКоммунСервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас есепшісі Жазира Нурмухамедовнамен кездесу өтті. Мақсаты: Оқушыларға математика саласында жетістікке жеткен маманның жұмысымен таныстыру. Математиканың күнделікті өмірдегі және түрлі мамандықтардағы рөлін көрсету. Оқушыларға табысты болу үшін қажетті дағдылар мен қасиеттер туралы түсінік беру. Есепші мамандығының қырсымын бөлісу. Жауапты: математика пәнінің мұғалімі Азамат Н.А.




Ағымдағы жылдың қантар айында “Сынып жетекші-тәрбиесінің тірегі” атты апталықтың аясында 4”А” сыныбында “Менін ертеңім “такырыбында ашық тәрбие сафаты өтті. Сынып жетекшісі: Асылбекова Жанар Мухаммедовна. Мақсаты: Оқушылардың болашақта кім болатынын ойымен болісуі, мамандықтарды түсіндіру.



Медициналық сынып оқушылары үшін танымдық тәжірибе! Ағымдағы жылдың ақпан айында болашақ дәрігерлер дәрігердің жұмысымен және емдеу процесімен танысты. Ақ халатты абзал жандардың жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі – науқастардың саулығының кепілі! Мақсаты: пациент қабылдау, диагностика, емдеу әдістері.



Ағымдағы жылдың қантар айында “Сынып жетекші-тәрбиесінің тірегі” атты апталығының аясында 2 “Ә” сыныбында “Менін ертеңім-Менің болашағым” атты ашық тәрбие сафаты өтті. Сынып жетекшісі: Болат Улжан



Ағымдағы жылдың ақпан айында “Bolashaq” академиясынан мектебіміздің түлегі, ф.ғ.д. профессор М.І.Әбдуов және академия студенттері келіп, дөнгелек үстел үйымдастырып, мектепке экскурсия жүргізді. Аталмыш кездесуде М.І.Әбдуов жерлесіміз, мектеп түлегі, ғалым-физик, техника ғылымының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевтың оқыған жерін таныстырып, жүріп өткен жолдарымен бөлісті. Келелі кездесу соңында оқушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті. Академия ұстаздары мектеп бітіруші түлектерді академияға оқуға шақырды.




Ағымдағы жылдың ақпан айында “Bolashaq” академиясының ректоры Қ.Аданов пен Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы интернат директоры Д.Бакаев екі тарап арасындағы келісім шартқа қол қойды. Аталмыш кездесудің мақсаты оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына бағын бағдар берумен қатар алдағы уақытта академия ішіне экскурсия жасауы. Осы орайда, бұл келісім шарт арқылы кәсіби бағдар жұмысына алғашқы қадам жасалды.



Ағымдағы жылдың ақпан айында Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы интернattyн кәсіби бағдар беруші педагог Б.Амангелді 9,11 сынып оқушыларынан «Білім алушыларды кәсіптік саналы түрде мамандық таңдауға дайындау» тақырыбында сауалнама жүргізді. Бұл кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша ұсынылған сауалнамаға 52 білім алушы катысып, өз ойларымен бөлісті.



Кәсіби бағдар беруші  Б.Амангелді